

**Мәслихаттың 2013 жылғы 3 қазандағы № 133 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2015 жылғы 20 наурыздағы № 235 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 17 сәуірде № 5529 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2017 жылғы 30 наурыздағы № 96 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 30.03.2017 № 96 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 6-бабының 2-3-тармағына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес, Арқалық қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Мәслихаттың 2013 жылғы 3 қазандағы № 133 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4275 тіркелген , 2013 жылғы 15 қарашада "Торғай" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген қағидаларында:

7-тармақтың 8) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"8) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне орай, 150 мың теңге мөлшерінде;".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезекті сессияның төрайымы  
Мәслихат хатшысы*

*Е. Цвентух  
Н. Шалдыбаев*

**КЕЛІСІЛДІ**

**"Арқалық қаласы әкімдігінің**

жұмыспен қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы  
\_\_\_\_\_ К. Омарова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ